

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 23 қаңтардағы № А-1/54 қаулысы. Ақмола облысы Жарқайың ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 23 ақпанда № 1-12-161 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 17 қаңтардағы № А-1/5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың ауданы әкімдігінің 17.01.2013 № А-1/5 қаулысымен.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабының 1 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасы Құрылыс және Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесі негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Д.Ә.Шәкіровке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың ауданының әкімі *А.Қалжанов*
Жарқайың ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 23 қаңтардағы
№ А-1/54 қаулысына қосымша

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері

№ р/с	Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй	Тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшері
1	Жарқайың ауданы, Державин қаласы, Молодежный шағын ауданы, № 1 үй	73,75 теңге

2	Жарқайың ауданы, Державин қаласы, Молодежный шағын ауданы, № 2 үй	84,47 теңге
3	Жарқайың ауданы, Державин қаласы, Юбилейный көшесі, № 17 үй	77,96 теңге

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК